

«Мен өлмеймін, өлмеймін...»

Қазақ ССР-інің өнеріне еңбегі сіңген қайраткер», «Құрмет белгісі» орденінің иегері Нұрпейіс Байғанин – көп қырлы талант. Ол бір жағынан суырыпсалма ақын, екінші жағынан жырау орындаушы. Оның өте бай репертуарында «Қобланды», «Құбығұл», «Төрехан», «Қырымның қырық батыры» т.б. көптеген эпос-жырлар бар.

Қазір «Қобланды батыр» жырының бізге жеткен 29 нұсқасы болса, солардың ішіндегі оқиғалары өте бай, әрі ең көркем, әрі баяндауы жағынан өте нақты, көлемдісі 9300 жолдан тұратын Нұрпейіс жырау жырлайтын нұсқа. Ақын оны түгел жатқа айтатын болған.

Нұрпейіс Байғаниннің эпикалық шығармашылығында тек батырлар ғана емес, аттары аңызға айналған әйелдер бейнелері де лайықты жырланған. Оған ақынның «Ақкенже» және «Нарқыз» поэмалары нақты мысал болса, ерлік мотивтері Ұлы Отан соғысы жылдарында шығарылған «Капитан Гастелло» өлеңінде, «Жиырма бес», «Ер туралы жыр» атты Кеңес Одағының Батыры Төлеген Тоқтаров және 28 панфиловшылардың бірі Нарсұтбай Есболатовтың ерліктері баяндалған шығармаларынан көрініс табады. Атақты ақын-жырау Ұлы Отан соғысы жылдарында өзінің көркем және жалынды жырымен бүкіл қазақстандықтарды жігерлендіріп, Ұлы Жеңіс күнін жақындатуға лайықты үлес қосуға шақырды.

1941 жылдың 19 мамырында Ақтөбеде құрылған 101 атқыштар бригадасы жауынгерлері алдында жыр айтып, оларды Отан қорғауға үндеді. 1942 жылы көктемде Шалқарда теміржолшылар клубында қала халқы алдында жырлап, оларды «Бәрі де майдан үшін, Бәрі де Жеңіс үшін» ұранымен ерлікпен еңбек етуге шақырды. Осы кездесудің нәтижесінде Шалқар ауданының тұрғындары майданға 3755 сом ақша, 604 мың сомның облигациясын, 7927 әртүрлі киім жинап, Қызыл Армия жауынгерлеріне көмек көрсетті.

Кезінде ақынның «Қазақстан майданға» өлеңі бойынша деректі киноочерк түсіріліп, КСРО киноэкрандарында бүкіл совет халқына көрсетілді.

Нұрпейіс ақын ұзақ жасады, көп көрді, көп үйренді, көп жырлады: халқының бай сөздік мұрасын игерді, сөзді өте жақсы меңгерді және оны ұқыпты шебер пайдалана білді. Жазушы-академик Сәбит Мұқанов ақындық және эпикалық шығармашылығын өте жоғары бағаласа, Дихан Әбілев, Қуандық Шаңғытбаев, Әбділда Тәжібаев, Берқайыр Аманшин, т.б. мұрасына арнап зерттеу мақалалар мен естеліктер жазды.

Нұрпейіс Байғаниннің соңғы «Мен өлмеймін, өлмеймін», «Жез бұйдалы мен бір құба нар» өлеңдері Жеңіс күнін көрсем, жетсем деген арманға толы болды. Бірақ ұлы ақынның үлкен жүрегі соғуын 1945 жылы 9 сәуірде, Жеңіске тура бір ай қалғанда тоқтатты.

Есімі қазақ әдебиетінде Жамбыл Жабаевпен қатар аталатын ақынның тамаша шығармалары қазақ поэзиясының алтын қорынан орын алады.

Тәуелсіздік әкелген жаңаша ойлау, қазақ тарихы мен әдебиетіне жаңаша көзқарас туындатты: Нұрпейіс Байғаниннің жұлдызы қазақ әдебиеті аспанында жаңаша жарқырап келеді.

Еркін ҚҰРМАНБЕК,

ҚР Мәдениет қайраткері